4. *Биологическое и экологическое образование в средней и высшей школе: состояние, проблемы и перспективы развития.* Руководитель темы д.п.н., профессор Ж.Б. Чилдебаев. Для реализации цели и задачи НИР планомерно проводятся творческие и исследовательские работы докторантов кафедры последующим научно-исследовательским темам: «Методика формирования информационно-коммуникационной компетентности будущих учителей биологии» (исполнитель - Майматаева А.Д.; руководители - д.п.н., профессор Чилдебаев Ж.Б., к.б.н., профессор Иманкулова С.К.), «Интенсификация самостоятельной работы студентов как средство обеспечения качества изучения зоологии и беспозвоночных в педагогическом вузе» (исполнитель - Шиньшеров А.Б.; руководители - д.п.н., профессор Чилдебаев Ж.Б., к.б.н., доцент Есимов Б.К.). В рамках выполнения НИР докторанты - Майматаева А.Д., Шиньшеров А.Б., Шолпанкулова прошли научно-исследовательскую стажировку за рубежом и участвовали на Международных научно-практических конференциях с докладами (Россия, Москва - Санкт-Петербург). Докторанты участвовали в конференциях, семинарах по научно-педагогическим направлениям на региональном уровне: НИИ Зоологии, микробиологии и вирусологии, ботаники и педагогических ВУЗ-ах средних общеобразовательных школах. По результатам НИР исполнители с соавторами опубликовали статьи с ненулевым мпакт-фактором, РИНЦ в журнале ВАК.

5. *Влияние стрессовых факторов на биологически активных веществ на физиолого-биохимические процессы растений.* Руководитель темы: к.б.н., ст. преп. Исабеков Б.М., к.б.н., доцент Загриценко И.П.

5.1 Изучение осмотических свойств растительных протопластов устойчивых к стрессовым факторам среды (к.б.н., ст. преп. Исабеков Б.М.).

В качестве объекта исследования использовались паренхимные клетки растений устойчивых к морозу и другим факторам среды. Механизм морозоустойчивости в значительной мере связан с способностью клеток оказывать сопротивление обезвоживанию и сокращению объема и таким способом уменьшать вредное действие морозного стресса. По результатам исследования опубликованы статьи.

5.2 Влияние стрессовых факторов на рост и развитие различных растений (доцент Загриценко И.П.). В данной подтеме изучается влияние различных стрессоров на процессы растений. В качестве стрессоров выбраны различные факторы. Объектами исследования служили растительные клетки, проростки различных культур, взрослые растения. Проведены исследования по воздействию солевого стресса на водный режим проростков пшеницы, влияние солей щелочных и щелочноземельных металлов, тяжелых металлов и других химических препаратов на ростовые процессы растений. Изучены физиолого-биохимические особенности жаростойких растений картофеля. Студенты-дипломники были привлечены к научным исследованиям и участвовали в 72-ой научно-практической конференции студентов КазНПУ им. Абая, где Сайдуллаева Айсар студентка 3 курса, заняла 2 место (руководитель к.б.н., доцент Загриценко И.П.).

5.3 Влияние биологически активных веществ на процессы растений (к.б.н., доцент Загриценко И.П., Саимова Р., Бухарбаева Ж., Атыраубаева Р.). В данной подтеме изучается влияние биологически активных веществ на процессы растений. Исследовалось влияние фитогормонов на процесс микроклубнеобразования картофеля *in vitro*,

влияние экзогенных фитогормонов и микроэлементов на ростовые процессы и урожайность картофеля, изучала связь фитогормональной регуляции темпов роста разных сортов картофеля. Изучалась динамика содержания аскорбиновой кислоты в процессе хранения клубней картофеля, влияние условий хранения плодовой блока на содержание аскорбиновой кислоты, влияние витаминов группы.

Студенты-дипломники были привлечены к научным исследованиям и приняли участие в Республиканском ежегодном конкурсе НИР студентов и магистрантов ВУЗ-ов, где Кыргызбаева Назерке Нуржаукызы, студентка 3 курса специальности 5В011300 – Биология награждена дипломом 3 степени МОН РК (научный руководитель ст. преп. Саимова Р. У.

Научно-исследовательские работы проводятся по договору о сотрудничестве на базах Департамента агрохимических, почвенных исследований и комплексно-исследовательских работ филиала не коммерческого акционерного общества «Государственная корпорация», «Правительство для граждан» в г. Алматы (Договор №43 от 04.01.2017 г.), РГП «Институт ботаники и фитоинтродукции» КНМОН РК (Договор 26.12.2017-

12.2022), ТОО «Центр дистанционного озонирования и ГИС «Терра» (Договор 07.12.2012), Государственное учреждение «Комитет науки Министерства образования и науки РК» (Договор №91 от «27 февраля», 2017 г.), РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева» (Договор №176, 04.05.2018, Исследование и распространение ресурсов цистанхев Отарарском районе ЮКО, ТОО «БЕКНУРРУС» (Договор №109.04.2018 г.), Российский государственный педагогический университет им. А.И. Герцена (Договор 13.10.2015).

Профессор Иманкулова С. К. является членом научного совета ТОО «Центр дистанционного озонирования и географических информационных систем»; проф. Айдарбаева Д. К. является членом международной организации МАДЦЮКРФ, членом диссертационного совета КазНУ им. аль-

Фараби по защите диссертации на присуждение ученой степени доктор философии (PhD) по профилю биология: «6D060700-Биология», «6D061300-

Геоботаника»; проф. Мынбаева Б. Н. является членом международной организации SETAC Russian Branch.

Были выпущены учебники на английском языке:

- S.K. Imankulova, K.I. Shalabaev, A. Sh. Shokanova, D. M. Amanbekova. Botany: Textbook. – Алматы: Association of higher educational institutions of Kazakhstan, 2016. – 236p.
- D.K. Aydarbaeva, K.K. Muhambetzhonov, Z.S. Kenzhebaeva, R. Zh. Zhunusova. Genetics: Textbook. Алматы: Association of higher educational institutions of Kazakhstan, 2016. – 244p.
- K.I. Batyrova, D.K. Aydarbaeva. Introduction to Biology: Textbook. – Алматы: Association of higher educational institutions of Kazakhstan, 2016. – 316p.

Выпущены учебные пособия КазНПУ им. Абая:

- Иманкулова С. К., Шалабаев К. И., Аманбекова Д. М. Ботаника. Учебное пособие. Алматы, из-во КазНПУ «Ұлағат». УМОРУМСМОН РК КазНПУ. – Алматы, 2016.
- Айдарбаева Д. К., Иманкулова С. К. Растительные ресурсы Казахстана и их освоение. Учебное пособие. Алматы, из-во КазНПУ «Ұлағат». УМОРУМСМОН РК КазНПУ. – Алматы, 2016. – 216с.
- Айдарбаева Д. К., Джунусова Р. Ж. Генетика жән селекция негіздері. Учебное пособие. Алматы, из-во КазНПУ «Ұлағат». УМОРУМСМОН РК КазНПУ. – Алматы, 2017. – 172с.
- Айдарбаева Д. К., Иманкулова С. К. Растительные ресурсы Казахстана. Учебное пособие. Алматы, из-во КазНПУ «Ұлағат». – Алматы, 2013. – 144с.
- Айдарбаева Д. К. Растительные ресурсы Казахстана и их рациональное использование. Учебное пособие. Караганда: ИП «Ақнұр», 2014. – 194с.
- Чилдибаев Д. Б. Биологияға кіріспе. Учебное пособие. Астана, 2013.
- Исабеков Б. М., Загриценко И. П., Бұхарбаева Ж. М. Биохимия практикумы. Алматы, из-во КазНПУ «Ұлағат». – Алматы, 2016.
- Исабеков Б. М., Загриценко И. П., Бұхарбаева Ж. М., Атыраубаева Р. Н. Әсімдіктердің физиологиясы практикумы. Алматы, из-во КазНПУ «Ұлағат». – Алматы, 2016.
- Нарымбетова Ұ. М. Микробиология пәні бойынша зертханалық сабақтар практикумы. Алматы, из-во КазНПУ «Ұлағат». – Алматы, 2016.
- Байжигитов Д. К., Нарымбетова У. М., Саимова Р. У. Практикум к практическим занятиям по дисциплине «Прикладная биология». Алматы, из-во КазНПУ «Ұлағат». – Алматы, 2016.
- Нарымбетова Ұ. М., Саимова Р. У. Қолданбалы биологиядан практикум. Алматы, из-во КазНПУ «Ұлағат». – Алматы, 2016.

- Кенжебаева З.С. Практикум лабораторным занятиям по молекулярной биологии. Алматы, из-во КазНПУ «Ұлағат». - Алматы, 2016.
- Загриченко И.П. Методически рекомендации к лабораторно-практическим занятиям по физиологии растений. Алматы, из-во КазНПУ «Ұлағат». - Алматы, 2016.

К.Д. Қаймулдинова¹, Б.Ш. Абдиманов², Т.О. Увалиев³

*г.ғ.д., профессор, Жаратылыстану және география институтының директоры,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

*г.ғ.д., профессор,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

*п.ғ.к., доцент,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰПУ-НІҢ «ЕЛТАНУ ЖӘНЕ ТУРИЗМ» КАФЕДРАСЫНА – ШИРЕК ҚАСЫР

Еліміздің егеменді қалуына байланысты, 1990 жылдардың басында бұрынғы оқу-ағарту жүйелері күрделі реформаларға ұшырады. Көптеген жоғары оқу орындарының, оның ішінде біздің «Қарт ҚазПИ», яғни педагогикалық институтымыздың қайтадан университет (1928 жылы, олағашында университет болып ашылған) мәртебесіналуына орай, құрылымында үлкен өзгерістер болып, жаңа факультеттер мен кафедралар ашылды. Мәселен, 1991 жылдың күзінде «Жаратылыстану-география» факультеті екі жеке: география-экология (деканы – г.ғ.д., профессор Ә.С. Бейсенова) және жаратылыстану (деканы – п.ғ.д., профессор Н.К. Ахметов) факультеттері болып бөлінді. Сол кезде география-экология факультеті (ГЭФ), келесі үш – «Жалпы жертану», «Физикалық география», «Экономикалық және әлеуметтік география» кафедралары негізін де құрылған болатын. Өз кезегінде, ГЭФ деканы Ә.С. Бейсенованың жан-жақты ұйымдастырушылық қызметінің нәтижесінде уақыт талабына орай жаңа кафедралар құрылып, олардың анық уақыт талаптары жетті. Соның бірі, біздің мақаламызға арқау болып отырған – 1993 жылдың қаңтарында құрылған сол кездегі «Елтану» кафедрасы. География саласында мұндай кафедра Қазақстан көлемінде ғана емес, бұрынғы Кеңестер Одағы кеңістігінде бұрын-соңды ашылмағанын ескерсек, бұл біздің оқу орнымыз үшін үлкен жетістік болды. Бұл кафедраның ашылуы себебі некелсек, егеменді еліміздің басқа мемлекеттермен саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және туристік байланыстарын орнату мен дамыту мүдделерінен және оларды жүзеге асыруға қажетті жаңа («Халықаралық қатынас»), «Саясаттану», «Шығыстану», т.б.) мамандықтарға зәруліктен, оның ішінде «Халықаралық туризм» мамандығына және географияны туризмге қатыстытығынан («География және туризм») қосымша мамандандыруға арналған жоғары білікті мамандар даярлаумен байланысты туындады. Осы кафедраның алғашқы меңгерушісі болып, доцент – Қ.Д. Карпеков сайланды.

Аталмыш кафедраның алғашқы ұйымдасу кезеңінде құрамында оқытушы: оның – Здоцент (Карпеков Қ.Д., Сартбаев С.Қ., Байматаева Б.Б.), 1 аға оқытушы (Дарьяев В.Т.), 4 ассистент (Абилмажинова С.А., Қаймулдинова К.Д., Джангелдина Д.И. және Қозырь Сауле) болды. Білім берудің саласындағы оңтайландыру жұмыстарының нәтижесінде, 1999 жылдың шілдесінде «Елтану» кафедрасы осы факультеттегі бұрынғы кафедралардың бірі болып есептелінетін «Жалпы жертану» кафедрасымен біріктірілді. Осылайша екі кафедраны

егізінде қайта құрылған «Елтану» кафедрасын басқару ісінде Қ. Д. Карпековке жүктелді, аlosьсы жылдың қараша айынан бастап аталған кафедраның геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор – Н. С. Сейітов басқарады. Айта кететін жайт, «Жалпы жертану» кафедрасы 1973 жылы «Физикалық география» кафедрасынан бөлініп, жеке құрылым ретінде қалыптасқан болатын. Бұл кафедраның алғашқы меңгерушісі ғ. к., профессор – М. Қ. Қалиев болған. М. Қ. Қалиевтің «Жаратылыстану-география» факультетінің декандығына сайлануына орай бұл кафедраны басқару ісін ғ. к., профессор – Н. Б. Молдағұловқа жүктелген. 1980 жылдардың басында Н. Б. Молдағұловтың осы «Жаратылыстану-география» факультетінің деканы болып тағайындалуымен байланысты кафедра басшылығына ғ. к., доцент – М. Н. Әбішев келді. Жоғарыда аталған ғалымдар, «Жалпы жертану» кафедрасының дамуына және жалпы физикалық география ғылымына өздерінің қомақты еңбектерін сіңірді.

Университетіміздің одан әрі ішкі құрылымдық өзгерістерге ұшырауына байланысты, 2001 жылдың наурызында біздің оқу орнымыздағы байырғы географиялық кафедраның бірі болып саналған «Экономикалық және әлеуметтік география» кафедрасының таратылуына (профессор-оқытушылар санының 10 адамға жетпеуінен, яғни 9 адам болуы себебінен) байланысты, ондағы оқытушы-профессорлар құрамының көп бөлігі «Елтану» кафедрасына, ал 2 оқытушысы «Қазақстан географиясы және экология» кафедрасына ауыстырылады. Алоның негізі сонан 1938 жылы «Экономикалық география және географияны оқыту әдістемесі» кафедрасы болып қаланған болатын. Аlosьсы кафедрадағы географияны оқыту әдістемесі мен өлкетану бағытындағы оқу курстарының 1990 жылдары жаңадан құрылған «Жаратылыстану пәндерінің технологиясы» кафедрасына өткізілуіне байланысты аталмыш кафедра келесі он жыл бойы, яғни «Елтану» кафедрасына қосылғанға дейін «Экономикалық және әлеуметтік география» кафедрасы (меңгерушісі ғ. к., профессор – Е. А. Ахметов) болып аталынып келді.

Осылайша, бұрынғы ұшқа кафедраның орнында қалыптасқан іргелі ұжым 2001 жылдың көктемінен бастап енді «Елтану және әлеуметтік география» кафедрасы болып аталынып, бұл кафедраны сол кезден бастап профессор – Ж. А. Бұламбаев басқарды. 2006 жылдың қыркүйек айынан кафедраны басқару ісін ғ. к., доцент – К. Д. Каймулдиноваға өтті. Осы 2006-2007 оқу жылы аталмыш кафедра факультетінің көлемінде саірі ұжым болып саналып, оның профессор-оқытушылар құрамы (ПОҚ) – 25 адамнан тұрды. Кафедраның ПОҚ атап айтсақ, 4 профессор: оның – 2 ғылым докторы (Надыров Ш. М., Чигаркина А. В.), 1 ғылым кандидаты (Буламбаев Ж. А.) және 1 ғылым дәрежесі з (Карпеков Қ. Д.) профессор, 4 ғылым кандидаттары, доценттер (Каймулдинова К. Д., Суямбаева С. Т., Жангелдина Д. И., Абишев М. Н.), 1 университет доценті (Увалиев Т. О.), 4 ғылым кандидаттары, аға оқытушылар (Бердығұлова Г. Е., Боранкулова Д. М., Ивлева Н. В., Усенов Ф. А.), 7 аға оқытушылар (Абилмажинова С. А., Сағындықова А. С., Сарқытқан Қ., Мұздыбаева Қ. К., Дарьяев В. Т., Ержигитова Д. С., Байшалов Н.), 4 оқытушы, ассистенттер (Арынов Қ. Б., Шакирова Н. Д., Тургумбекова Н., Усен А.). Ал «Елтану және әлеуметтік география» кафедрасы ПОҚ сол кездегі үлкен болуы себебінен келсек, өйткені 2006-2007 оқу жылында «География» мамандығының өзінде – 1154 студент (оның ішінде 734 студент күндізгі бөлімде) оқыса, «Туризм» мамандығының тек күндізгі бөлімінде – 114 студент болған, сол кезеңде «Тарих-география» және «Биология-география» мамандықтарында да 100-ге жуық студент оқыды. Аlosьсы оқу жылы «Жаратылыстану және география» факультетінің күндізгі және сырттай оқу бөлімдерінде – 3000 астам студент (магистранттарды қоспағанда) болса, оның – 1984 студенті күндізгі бөлімде оқыған.

2008 жылы «География-экология» факультетінің (ГЭФ) қайтадан жеке факультет болып құрылуына байланысты болған құрылымдық өзгерістерден кейін, кафедра атауы енді «Елтану» болып өзгертілді. Ол 2013 жылы «Туризм» кафедрасымен біріктіріліп, ендігі жерде «Елтану және туризм» кафедрасы болып аталынды. Ал 2014 жылдың күзінде «Магистратура және докторантура PhD» институты қысқартылып, одан кафедраға ұш ғылым кандидаты мен доценттері ауыстырылды. Жоғарыда аталған құрылымдық өзгерістерге дейін және одан кейінгі кезеңдерде, яғни 2006-2016 жылдар аралығында кафедраны, ғ. ғ. д., профессор Каймулдинова К. Д. басқарды, ал 2016 жылы профессор К. Д. Каймулдинованың «Жаратылыстану және география» институтының директоры болып ауысуына байланысты, 2016 жылдың қыркүйек айынан бастап кафедра меңгерушілігіне ғ. ғ. д., профессор Б. Ш. Абдимананов тағайындалды.

Биылғы 2017-2018 оқу жылы «Елтану және туризм» кафедрасындағы ПОҚ – 19 адамнан тұрады, оның ішінде: 2 профессор, ғылым докторлары (Каймулдинова К. Д., Абдимананов Б. Ш.), 1 профессор, ғылым кандидаты (Сағындықова А. С.), 6 ғылым кандидаттары, доценттер (Бердығұлова Г. Е., Ивлева Н. В., Карбаева Ш. Ш., Сарқытқан Қ., Увалиев Т. О., Жангелдина Д. И.), 1 университет доценті (Абилмажинова С. А.), 4 аға оқытушы, ғылым кандидаттары (Абдикаримова Г. А., Алшымбеков С. К., Алдашева А. А., Боранкулова Д. М.), 3 аға оқытушы (Еркебеков А. К., Исакова Р. Т., Калдыбекова Р. Е.), 2 оқытушы, ассистент (Шакирова Н. Д., Ус

манова З.С.) бар. Сонымен қатар 2 ағалаборант (Молданиязова Б.Т., Абдиханова Ж.Қ.) қызметістейді және кафедрамызға 4 докторант тіркеліп (Бейкитова А.Н., Усенов Нұрбол, т.б.) бекітілген.

Кафедра жұмысы оқу процесітерін жетілдіруісіне, атап айтқанда – жалпы географиялық, физикалық-географиялық, экономикалық-географиялық, елтанушылық және туризм бағытындағы пәндердің берілу сапасына үлкен көңіл бөліп отырады. Бүгінгі таңда жұмымыз бакалавриат, магистратура және докторантураның келесі мамандықтары: «5B011600-География»; «5B060900-География»; «5B090200-Туризм»; «6M011600-География»; «6M060900-География»; «6M090200-Туризм»; «6D011600-География» және «6D060900-География» бойынша бітіруші кафедра болып табылады. Сонымен қатар кафедрамыздың ПОҚ олардаса бақжүргізумен бірге, дипломдық, магистрлік және докторлық диссертацияларына жетекшілік жасауда. Студенттеріміз арасындағы ғылыми-зерттеу жобаларының, пәндік олимпиадалардың, т.б. республикалық байқаулардың жеңімпаздары көптеп саналады, ал қос (Менлибаева Жансая және Увалиев Мақсат) студентіміз «Алматы қаласының үздік студенті» конкурсының жеңімпазы (2015 ж., 2016 ж.) жыл қатарынан жеңімпазы атанып, сертификатпен марапатталған. Бірнеше студентіміз тәжірибе алмасу аясында, академиялық тәртіп бойынша Польша мен Литва елдерінің ЖОО-да бір семестр бойғы оқуларын жалғастырып келді. Студент жастарымыз қала және аудан, университет және институт деңгейлерінде жүргізілетін әртүрлі қоғамдық негіздегі мәдени, спорт, т.б. іс-шараларға аса белсенді атсалысуда.

Кафедрамыз бойынша магистратура бөлімі ерекше назарға алынған. Осы орайда кафедрамызға «География» және «Туризм» мамандықтарының 30-ға жуық магистранттары бекітілген. Олар жыл сайынғы магистранттар арасында өтетін ғылыми-зерттеу жұмыстарының республикалық байқауында үнемі жүлделі орындарды иелену арқылы, I-III дәрежелі дипломдармен марапатталған және араларында Президенттік стипендиат (Увалиев М.Т.) иегері де бар. Сонымен қатар магистранттарымыз, шетелдік мемлекеттердің ЖОО-да оқу-тәжірибе алмасуында мадан өтуде. Мәселен, 2017 жылдың маусым және желтоқсан айларында қазақ/орыс бөлімдерінің 1-ші және 2-ші курс магистранттары Еуроодақ елдерінде ғылыми тәжірибе жинақтау іссапарларында болып қайтты. Біздің бітірген студенттеріміз бен магистранттарымыз қазіргі кезде білім беру, әкімшілік, табиғат қорғау, туризм, т.б. салаларда табысты еңбек етуде. Олардың ішінен: әл-Фараби атындағы және Л.Н. Гумилев атындағы ұлттық университеттерде, Қыздар педагогикалық, еліміздің жекелеген аймақтарының (Жетісу, Атырау, Тараз, т.б.) мемлекеттік университеттерінде, Алматы қаласы мен облыстардың әкімшіліктерінде және теледидар саласында жемісті қызметісін жүрген тұлғаларымыздың тізімі бар. Кафедрамыздың өзінде біздің магистратураны бітірген 4 шәкіртіміз оқытушылық қызмет атқаруда. Өз кезегінде біздің магистратурада оқитындардың басым бөлігі, ал докторантурада оқитын кафедрамызға бекітіліп берілген 4 докторанттың шеуіміздің тұлғалары. Осы орайда, «Елтану және туризм» кафедрасында жас мамандарды кәсіптік тәрбиелеу ісін дұрыс жолға қоюылған, әрі дәстүрлі ұрпақтар сабақтастығын өз жалғасын табуға да егіміз келеді.

Кафедра мүшелері география ғылымына байланысты түрлі мемлекеттік жобаларға қатысуда. Мәселен, ҚР Білім және ғылым министрлігінің және Абай атындағы ҚазҰПУ ректорының гранттары бойынша бірнеше іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстары (Каймулдинова К.Д., Абдиманов Б.Ш., Абилмажинова С.А., Бейкитова А.Н., т.б.) орындалуда. Кафедраның жетекші ПОҚ, 2004-2010 жылдар аралығындағы «Білім» бағытындағы бакалавриат және магистратура мамандықтары бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарының негізгі ізгілеуші-авторлары болып табылады. Және 2012-2015 жылдары «5B011600-География», «5B011600-География және тарих», «6M011600-География» мен «6D011600-География» мамандықтарының бакалавриат, магистратура және докторантура (Каймулдинова К.Д., Абдиманов Б.Ш., Увалиев Т.О., Қарбаева Ш.Ш., т.б.) бойынша шетелдік ЖОО-дағы әріптестерімен бірлесіп жасалған, педагогикалық мамандықтар бағытындағы жаңа жобалық тәртіп бойынша білім беру бағдарламаларының да басты түзуші-авторлары да кафедраның ПОҚ болып саналады. Осы жерде кафедраның оқытушылары, «5B011600-География» мен қосарлы «5B012900-География және тарих» мамандықтарының білім беру бағдарламаларының негізінде бекітілген міндетті пәндер компонентіне енетін 34 типтік бағдарламалардың құрастырушылары екендігін айтқеті ұорынды.

Кафедра оқытушылары арасында «ЖОО-ның үздік оқытушысы» атанған мемлекеттік грант (Каймулдинова К. Д., Абдиманов Б. Ш.) иегерлері және ЖОО-на арналған оқулықтар жазудағы көп жылдық еңбегі үшін, ҚР ЖОО қауымдастығының «Саңлақ автор» (Каймулдинова К. Д., Абилмажинова С. А., Увалиев Т. О.) медалімен марапатталғандар да бар. Кафедраның ПОҚ жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар мен көптеген әдістемелік құралдар дайындап, оларды баспадан шығаруда. 1998 жылдан бері географиядан орта мектепке арналған жаңа бауыноқулықтарымен олардың оқу-әдістемелік құралдарының көпшілігін дайындау ісіне кафедраның жетекші профессорлары мен доценттері (Каймулдинова К. Д., Абдиманов Б. Ш., Увалиев Т. О., Карбаева Ш. Ш., Абилмажинова С. А., т. б.) қатысуда, әрі олар бірнеше мәрте қайта өңделген күйінде қазақ, орыс, өзбек және ұйғыр тілдерінде басылым көруде. Сонымен қатар олар мультимедиялық электрондық оқулықтарды даярлауда атсалысқан. Кафедра ПОҚ мүшелері білім беруде ежелгі мерімінен (оның ішінде «Дарын» орталығы мен жеңілдікті ірі тарттырудың «Қазақстандық көңір аралық орталығымен» бірлесіп мектеп мұғалімдері үшін оқу семинарлары мен тренингтер өткізуде) өтетін ғыз байланыста жұмыс жасауда. Біліктілікті жетілдіру курстары мен мұғалімдердің тамыз кенестерінде үнемі дәрістер оқып, ой бөлісуде. Мектеп оқытушыларының республикалық, Алматы облыстық және қалалық пәндік олимпиадаларында қазылар алқасының құрамының мүшелері ретінде, сонымен қатар мектептегі ғылыми жобалар мен байқаулары мен оқушылардың Кіші ғылыми академиясының жұмыстарына да белсенді атсалуда.

Кафедра оқытушылары халықаралық, республикалық, аймақтық, сол сияқты жоғары оқу орындары аралық және университетшілік ғылыми-тәжірибелік және оқу-әдістемелік конференциялар мен семинарларда үнемі баяндамалар жасауда. Университетіміздің 90 жылдық мерейтойына арналып, осы жылғы сәуірайында біздің «Елтану және туризм» кафедрасының ұйымдастыруымен «Рухани жаңғыру аясында» «Киелі жерлерге географиясы және мәдениет: тәжірибе және практика» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияны өткізуге жан-жақты дайындық жұмыстары жүргізілуде. Біліктілікті көтеру-жоғары оқу орындарының ПОҚ үшін, оның сапалық мазмұнын білдіруші аса маңызды көрсеткіш, осы орайда бұл бағытта жалпы кафедра бойынша біршама ілгерілеушіліктер байқалады. Мәселен, соңғы жылдары біліктілікті жетілдіру курстарынан біздің оқытушыларымыз жылына орташа есеппен, әрқайсысы 2-3 мәрте дайындықтан өтуде. Сонымен қатар, біздің ПОҚ пен докторанттарға, студенттер мен магистранттарға дәрістер оқуға тәжірибелі шетелдік (Германия, Ресей, Қырғызстан, т. б.) ғалымдар тартылуда.

Кафедрамыздың ПОҚ үшін, ғылыми-әдістемелік семинар өзінің тұрақты жұмысын жалғастыруда. Алоку процесін жетілдіру, озық тәжірибені тарату, жоғары және орта білім проблемалары бойынша семинарлар, дөңгелек үстелдер мен конференцияларды дайындап, олардың ұйымдастырып өткізу мен айналысатын оқу-әдістемелік кеңес, өз кезегінде белсенді жұмыс істеуі барысында нақтылық көмегін тиісінше. Әсіресе оқу процесін инновациялық әдістерді енгізу мәселесінде, жас мұғалімдер мен магистрант-докторанттардың кәсіби шеберлігін жетілдіру жолында оқу-әдістемелік кеңес (төрайымы – доцент Ш. Ш. Карбаева) тарапынан атқарылып жатқан өте нәтижелі жұмыстарды атай кеткен жөн. Сол сияқты осы бағыттағы жұмыстар – оқыту сапасының тиісті деңгейі мен оқу бағдарламаларының бірізділігін, оның жалғастығын сақтау және практиканың барлық түрлерін қамтып өткізу барысында да жүзеге асырылуда. Оқу процесін жоғары сапалық деңгейде жетілдіру жолында кафедрамыз бойынша, оқытудың материалдық базасына жауада. Мәселен, интернет-кешігатын компьютерлік сыныптар мен интернет-белсенді ақталары бар нағыз аудиториялар құрылған. Бүгінде кафедраның кітапқорында 1000-нан астам оқулық пен оқу құралдары, 70-кетарта оқу фильмдері мен оқу бағдарламалары, көптеген оқу-әдістемелік және картографиялық материалдар бар. Сонымен бірге кафедра материалдық тұрғыда оқу-далалық практикалық жұмыстарға қажетті қазіргі заманғы метеорологиялық құралдар мен, геодезиялық аспаптар мен, геологиялық минералдар жиынтығы мен жәнет. б. құралдар мен қамтамасыз етілген, әрі олар үнемі жаңартылып отырады. Осының бәрі жалпы алғанда – кафедра жұмысына білімнің тәрбие, ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік және қоғамдық жұмыстардан ақталып жетістіктерге жетуге үлкен мүмкіндіктер беруде.

Осы ретте мақаламызды тұжырымдай келе, кафедрамыздың ширек ғасырлық мерейтойына орай ұйымдастырылып өткізілген шараларға қысқаша тоқталсақ деген ойды дамыз. Бұл салтанатты кешке кафедраның негізін салған ардагер ұстаздар арнайы шақырылды және кафедра дәрісшілері оқытушылық қызмет атқарғандардан ардагерлік

мады. Оның барысында кафедрамыздың ПОК, студент-магистранттары дайындаған мерекелік шаралар жүзеге асырылады. Кафедрамыздың 25-жылдығына байланысты салтанатты жиыны аясындағы баяндамалар, жарыс сөздер, презентациялар және мәдени бағдарламадан басқа, «дөңгелек үстел» басында бейнелі фотомонтажды фрагменттер, альбомдар, көрмелер мен стендтер арқылы естелік көріністер, кафедрамыздың өткені мен бүгінгі және болашағы жайлы мәселелер төңірегіндегі ой толғаулар мен сұхбат-пікірлер алды, т.б. шаралар жүргізілді. Ұжымымыздың ширекғасырлық тойы қарсаңында 4 бөлімнен (кафедраның тарихынан сыр шертетін, оның тыныс-тіршілігін, оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеушілік бағыттарын жан-жақты баяндайтын, т.б. кафедрамызға қатысты мәселелерді қамтитын) тұратын 27 баспатабақ көлеміндегі мерей тойлық жинақшығарылып, оқнақтар мен мерекелік шараға қатысушыларға таратылды. Осырайда, жалпы кафедраның белсенді тыныс-тіршілігі мазмұнының кейбір тұстарын, дәліз бен аудиторияларда көркем безендіріліп ілінген стендтер мен басқа да ақпарат материалдарынан көруге болады. Жоғарыда аталған мерекені біздің «Елтану және туризм» кафедрасы өздеңгейінде атқаруымен қатар, ұжымымыз қазіргі уақытта салық тарихы бар оқу орнымыздың мерекесі құрметіне орай ұйымдастырылып жатқан басқа да шараларға белсенді атсалысу арқылы өз үлесін үстемелетіп қосудың жолында университетіміз бен институтымыздың 90 жылдық мерей тойларын лайықты қарсы алуға жұмылдырылған.

Мақаламыздың қорытындысы іспетті, «Елтану және туризм» кафедрасының ширекғасырлық мерекелік шарасының аталып өтуі жайлы біздің оқу орнымыздың сайтында жарияланған, келесі хабарламаны назарларыңызға ұсынамыз:

Жуырда оқу ордамыздың «Жаратылыстану және география» институтына қарасты «Елтану және туризм» кафедрасының ұжымы өзінің 25 жылдық мерей тойына атап өтті. Аталмыш кафедра білім берудің барлық деңгейлері (бакалавриат, магистратура, докторантура) бойынша география және туризм саласындағы кадрлар даярлаудың негізгі болып табылады. Кафедраның мамандарды даярлаудағы байтәжірибесі мен сапалы тәсілі, өз кезегінде кафедра ұжымының білім берудегі, ғылым және қызмет саласында қазақстандық жоғары оқу орындары арасында көшбасшылық қорынды еленетін бірегей ғылыми мектеп екендігін айтуымызға мүмкіндік береді. Жоғары білікті мамандарды даярлаудың маңызды шарты – кафедраның қызметкерлері жүргізетін белсенді ғылыми және оқу-әдістемелік жұмыстар. Сонымен қатар ғылыми бағдарламалар, гранттар мен бастамалардың кең ауқымы бойынша да жұмыстар жүргізілуде. Профессор-оқытушылар құрамының ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік қызметі, ғылыми қауымдастық тарапынан ұлттық және халықаралық деңгейлерде лайықты танылуға ие болды және әртүрлі салаларда практикалық қолданыста.

Кафедраның мерей тойына арналған салтанатты шараны университеттің бірінші проректоры, профессор Мақтағали Бектемісов ашып, өлең сөзінде кафедраның ғылым мен білім саласындағы жетістіктерін етоқталып, алдағы жұмыстарына зор табыстар тіледі. «Жаратылыстану және география» институтының директоры, профессор Күләш Каймулдинова кафедраның құрылуының тарихи алғышартына назар аударды, оның негізін қалаған академик Әлия Бейсенованың бегін атап өтті. Сондай-ақ кафедраның қазіргі уақыттағы қызметіне едеқысқаша сипаттама берді. Ал мерей тойлық кафедраның доценті Талғат Увалиев, жиналған қауымды кафедраның қалыптасу тарихы мен жеңіл жолдарымен таныстырды. Академик Әлия Бейсенова, профессорлар – Нәсіпқали Сейтов, пен Әзімхан Сейітжанов, кафедра меңгерушілері, профессорлар: Нұрлан Ахметов, Бәкір Мансуров, Гүлнар Айсабденалиева және т.б. құттықтау сөз сөйледі. Кафедра меңгерушісі, профессор Бахадурхан Абдимаханов кафедра жетістіктерін қорытындылай келе, құттықтаулар мен тілекайтқандарға алғысын айтып, кафедраның мерей тойындайындауға және ғылыми жұмыстар жинағын жариялауға белсенді қатысқаны үшін кафедра қызметкерлеріне, студенттерге, магистранттар мен кафедраның докторанттарына өз ризашылығын білдірді. Ширекғасырлық мерей тойлық шары, «Жаратылыстану және география» институты студент жастарының күші мен ұйымдастырылып дайындалған салтанатты концертпен аяқталды – деп университетіміздің сайтында баяндалған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бейсенова А. С. *Уақыт талабынан туған факультет // «Қазақстан жоғары мектебі» халықаралық журналы. – 1998 ж., №3.*
2. Увалиев Т. О. *Факультеттың тынысы // «Қазақстан мұғалімі» республикалық газеті. – 1996 ж. 11-желтоқсан, №37.*

3. Увалиев Т. О. От математического сборника «Кафедры-юбилея» // В сб. посвященной 60-летию кафедры экономической и социальной географии: «Суверенный Казахстан социально-экономическая география». – Алматы, АГУ имени Абая, 1998. – С. 112-117.
4. Увалиев Т. О. География-экология факультеті – жасырлар тоғасында // «Вестник АГУ имени Абая», серия «Естественно-географические науки». – Алматы, 2001, №1(1). – С. 3-5.
5. Увалиев Т. О. Вклад ученых-методистов АГУ имени Абая в географическое образование Казахстана // «Вестник АГУ имени Абая», серия «Естественно-географические науки». – Алматы, 2001, №1(1). – С. 68-71.
6. Буламбаев Ж. А., Увалиев Т. О. Краткая история и деятельность кафедры страноведения и социальной географии // Вестник АГУ имени Абая, серия «Естественно-географические науки». – Алматы, 2003, №1(3). – С. 26-28.
7. Увалиев Т. О. О новой специализации «География с основами экономики» в рамках специальности «011040-География» // В сб. посвященной 75-летию образования университета: «Социально-экономическая география Алматинского университета». – Алматы, АГУ имени Абая, 2003. – С. 108-118.
8. Шілдебаев Ж. Б., Увалиев Т. О. Жасқұрылым – жаңа факультет // Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Естественно-географические науки». – Алматы, 2008, №3(17). – С. 3-9.
9. Каймулдинова К. Д., Увалиев Т. О. «Елтану» кафедрасы: қалыптасуы және дамуы // Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Естественно-географические науки». – Алматы, 2008, №3(17). – С. 27-29.

Ә. Ф. Сейтжанов¹

¹ х. э. к., профессор,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ХИМИЯ КАФЕДРАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ (Химия кафедрасының 90 жылдық мерейтойына арналады)

1928 жылы Қазақстан жоғары оқу орындарының қарашанырағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты (бүгінгі ҚазҰПУ-і) ашылғанда үш бөлімнен тұрды: физика-математика, жаратылыстану (химия-биология) және лингвистика-педагогикалық. Сол жылдары химия кафедрасы ашылды. Химия кафедрасының алғашқы меңгерушісі, профессор Баланин болды, онан соң доценттер Григоренко, А. Б. Бектуров (1934-1935) басқарды. 1937 жылы кафедра меңгерушісі қызметіне Ленинградта (Санкт-Петербург) кандидаттық диссертациясына тақты химик-методист В. Н. Верховскийдің жетекшілігімен қорғап келген Ольга Александровна Суворова тағайындалды. Кафедраны 30 жыл данаса уақыт басқару барысында тікелей ғылыми-зерттеу жұмыстарымен және әдістемелік зерттеулермен шұғылданды.

1937-1941 жылдары Суворова О. А. химияны оқытудың оқу-әдістемелік мәселелеріне үлкен көңіл бөлді. Мұндай зерттеу жұмыстары «Химияны оқытудың практика мен және социалистік құрылыспен байланысы», «Химия дәнісептері» (1940 ж.); «Химиядан лабораториялық жұмыстарды жүргізудің ұйымдастыру және оның әдістемесі» (1941 ж.) сияқты оқу-әдістемелік құралдарда ашып көрсетілген. Аталған еңбектерде химиялық сәттердің шығарудың жолдарымен әдістері, газ тәрізді және басқа заттарды бір-бірінен бөлу, алу жайындағы лабораториялық тәжірибелердің орындалу техникасымен әдістемесі, оларды оқу процесіне қолдану және оларға қол жеткізілуі жайында баяндалған. Сөйтіп, химия кафедрасы О. А. Суворованың жетекшілігімен Қазақстанда химиядан оқу-әдістемелік орталық құрудың негізін салды және бұл жұмыстары қарай шәкірттері Нұғыманов И. Н., Сейтжанов Ә. Ф., Мұсабеков С. М., Алмашев Б. К., Нұрымбетов К. А. және т. б. ойдағыдай жалғастырды.

1957 жылы Абай атындағы ҚазПИ Химия кафедрасының жанына нашылған аспирантураның ізденушілері мен аспиранттары О.А. Суворованың жетекшілігі мен оқу-әдістемелік зерттеулерді жалғастырды, оның ішінде кінегізгі бағыт: пәнаралық байланыс және химияны оқытудың дидактикалық негізі болды.

30-

шыжылдына ғана қарай Қазақстан өнеркәсібі үшін маңызды ғылыми зерттеулер басталған, оның бірі рений элементінің электрохимиясы саласы бойынша. Сұйытылған ренийділерден рений элементін бөліп алу үшін ренийдің металдық мырышпен және темірмен тотықсыздануы зерттелді. Тотықсыздану барысында процесінің бөліну кезіндегі сутегінің қатысуымен жүретіндігі туралы қорытынды жасалды. Ренийдің бөліну процесіне әсер ететін жек е факторларды сандық бағалауға мүмкіндік беретін бірқатар теңдеулер қорытылып шығарылды. О.А. Суворова аводқалдықтарынан ренийді бөліп алудың жолдарына тауып, осы әдісті өндіріске енгізді. Бұл ғылыми жұмыстар үшін 1950 жылы О.А. Сувороваға СССР Мемлекеттік сыйлығы берілді. Сулы ренийділерден ренийді электрохимиялық әдіспен тұндыру жұмыстарының негізінде О.А. Суворова 1963 жылы докторлық диссертациясын қорғады.

О.А. Суворованың басшылығымен кафедраны оқытушылары мен қызметкерлері ғылыми-зерттеу жұмыстарына жұмылдырылды. Сулы ренийділердің аниондарынан металдарды электрохимиялық әдіспен тотықсыздандыру жұмыстарымен 1955 жылдан бастап А.С. Гончаренко шұғылданды. Жүргізілген зерттеу-жұмыстарының нәтижесінде Гончаренко А.С. 1961 жылы кандидаттық, 1975 жылы докторлық диссертациясын қорғады. Суворова О.А. жетекшілігімен электрохимия саласы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын Аханбаев К.А., Нұрымбетов К.А., Сушков Я.П., Виноградова Т., Байменова А. және т.б. орындады. Сол жылдары кафедра доценттері Ни П. Ф. және Бухман А. В. қаңқалы никель катализаторына палладий мен ренийдің промотерлік әсерін зерттеді. Бухман А. В. мен Балтабаев Е. Б. қаңқалы никель катализаторында нитробензол мен акрилонитрил қоспасының гидрлеудің селективтігін зерттеу мен айналысты.

1965 жылы химия кафедрасында ғылыми-зерттеу лабораториясы ашылды. 1968-1978 жылдары кафедраны доцент С.Р. Омарова басқарды. Бұл жылдары ол кісінің басшылығымен аспиранттар мен ізденушілер Баймұханов Н.Б., Сейтжанов А.Ф., Камалов М., Уалиева Л. Л. катализдік гидродендеу кинетикасы мен механизмін электрохимиялық әдістерімен зерттеу жұмыстарын жүргізді. Жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде А.Ф. Сейтжанов (1972 ж.), М.З. Камалов (1973 ж.) кандидаттық диссертация қорғады. 1976 жылы профессор А.Б. Фасман мен доцент Б.К. Алмашевтың жетекшілігімен К.А. Нұрымбетов кандидаттық диссертация қорғады.

1975 жылы химия кафедрасы бейорганикалық химия және химияны оқыту әдістемесі кафедрасы, органикалық химия кафедрасы болып бөлінді. 1987 жылға дейін бөлек болған бұл кафедраларды Абай атындағы Қазақ педагогика институтының түлектері, доценттер Нұғыманов И.Н. және Сейтжанов Ә.Ф. басқарды. Осы кезеңде органикалық химия кафедрасында (кафедра меңгерушісі Ә.Ф. Сейтжанов) химиялық кинетика және катализ саласында зерттеу жұмыстары әрі қарай жалғастырылды. Бұл зерттеулер Қазақ ССР Ғылым Академиясының органикалық катализ және электрохимия институтының катализаторларды дайындау және зерттеу лабораториясымен бірге Ғылым Академиясының Координациялық зерттеу жоспарына енгізілген «Платина тобының металдарынан кәсіптік құрылысты және беттік ауданы жоғары катализаторлармен ұнтақтарды дайындаудың физико-химиялық негіздері» деген тақырып бойынша жүргізілді. Бұл тақырып бойынша профессор А.Б. Фасманның ғылыми жетекшілігімен доценттер Сейтжанов Ә.Ф. және Алмашев Б.К. басқаруымен кәсіптік зерттеу жұмысі стеді. Ғылыми зерттеу жұмыстары халық шаруашылығының әртүрлі салаларының: химия, мұнай химиясы, электротехника, түсті металлургия, электрондық және қорғаныс өнеркәсіптерінің маңызды мәселелерін шешуге бағытталған.

1979-

1990 жылдар аралығында кафедра қызметкерлері «Монолит» (Витебск, Беларусь) өндірістік бірлестігімен, «Гиредмет» институтымен (Москва, Ресей), «Гирисконд» институтымен (Ленинград, Ресей) және А-7354 өндірісімен (Свердловск, Ресей) шаруашылық келісім-шарт бойынша зерттеу жұмыстары нәтижесінде. Бұл келісім-шарт жұмыстарының орындалуына жылына 100 мың сом қаржы түсіп отырды. Осы жұмыстардың орындалуына белсенді қатысқан кафедра қызметкерлері: И.П. Андриянова, А.С. Аманжолова, С.Н. Ким, Н.С. Шарипова және т.б. атсалысты. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде В.Е. Ермолаев (1985 ж.), Р.Музычук (1990 ж.) және Н.Оразбекова (1992 ж.) кандидаттық диссертациялар қорғады.

Екі кафедрада әдістемелік зерттеулер жұмыстары жақсы дамыды. Әсіресе И.Н. Нұғымановтың жүргізген жұмыстарының ерекше атауға болады. Ол кісінің зерттеу жұмыстары қазақ орта мектебінде химияны оқытудың терминологиялық мәселелері мен оқыту барысындағы химия тілінің дидактикалық негіздеріне арналған. И.Н. Нұғ

ыманов 1966 жылы кандидаттық диссертация, ал 1993 жылы докторлық диссертация қорғады. Ол ең алғаш қазақ тілінде «Химияны оқыту әдістемесі» (1992 ж.) оқулығын жазып шығарды. Одан басқа И. Н. Нұғымановтың көптеген оқу құралдарын, атап айтсақ «Химия тілі» (1971), «Химиялық символика мен номенклатураны оқыту» (1980 ж.), «Бейорганикалық қосылыстардың классификациясы мен номенклатурасы» (1996 ж.) және «Химия оқу кітабы» (1997 ж.) студенттер, мұғалімдер және оқытушылар әр уақытта пайдаланады. И. Н. Нұғымановтың жетекшілігі мен оннастам кандидаттық диссертация қорғалды.

Орта мектепте химия пәнін биологиямен байланыстыра оқыту бойынша зерттеу жұмыстарын С. Мұсабеков жүргізді. Ауыл шаруашылығын химияландыру мәселелері мен оқушыларды таныстыру мүмкіндігі қарастырылды. С. Мұсабеков қазақ тілінде «Органикалық химия практикумы» (1985 ж.) және т.б. бір қатар оқу-әдістемелік құралдарын басып шығарды.

А. Г. Гатаулиннің кандидаттық диссертациясы ауыл мектептеріндегі химияны оқытуды топырақтану мен байланыстыруға арналған. Автордың зерттеу жұмыстары бойынша берген ұсыныстары ауыл мектептерінің мұғалімдеріне химия сабағында топырақтану элементтеріне көңіл бөлуге және кластантық жұмыстарда жергілікті топырақтың химиялық анализдеуді ұйымдастыруға мүмкіндік туғызды.

Мектеп химиясының жер туралы ғылыммен байланысына Л. П. Калашникованың, оқыту барысында органикалық химияның физикамен байланысына Л. З. Дюсупованың зерттеу жұмыстары арналған. Әдістемелік зерттеулердің дидактикалық бағыты бойынша жұмыстарды А. Мырзабаев, А. И. Гаврилова, М. В. Соловьевалар жүргізді. Олардың зерттеу жұмыстарының нәтижесі кандидаттық диссертация түрінде қорғалды.

Доцент Р. И. Ергазиев тірек сигналын және студенттер білімін рейтинг бойынша бағалауды пайдалана отырып, заттар қасиеттерінің құрлысына тәуелді оқыту әдістемесіне жұмыстар жүргізді. Р. И. Ергазиев, Л. Л. Уалиева және И. Н. Нұғыманов қазақ тілінде «Бейорганикалық химия практикумын» дайындап баспадан шығарды (1997 ж.).

1985 жылы доцент Б. К. Алмашев ең алғаш қазақ тілінде көлемі 6,56 т. болатын жоғары оқу орындарының «Химия-биология» мамандығының студенттеріне арналған «Физикалық және коллоидтық химия практикумын» баспадан шығарды. Доцент К. А. Нұрымбетов мектеп мұғалімдеріне көмекші құрал ретінде 1986 жылы «Электрохимиялық тәжірибелер» және В. Василенко мен біріге отырып орта мектеп химиясы бойынша факультативтік курс жүргізуге арналған «Дисперсті жүйе және беттік құбылыстар» (1993 ж.) деп аталатын оқу құралын баспадан шығарды. 1993 жылы Ә. Ф. Сейтжанов қазақ тілінде жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған көлемі 246 т. «Органикалық химия» оқулығын баспадан шығарды, ал 2005 жылы бұл оқулық толықтырылып (көлемі 266 т.) баспадан қайта шығарылды.

Химия материалдарының негізінде мұғалімдер дайындау бойынша арқалық оқытудың теориясы мен практикасы бойынша әдістемелік зерттеу жұмыстарын Н. К. Ахметов жүргізді. Бұл жұмыстар бойынша арқалық оқытудың психолого-педагогикалық негіздері ашылған, ойын әдістерінің жетілдірілген классификациясы ұсынылған және ойын арқалық оқытуды пайдаланудың технологиясы көрсетілген. Осы зерттеудің нәтижесі бойынша Н. К. Ахметов 1996 жылы докторлық диссертация қорғады.

Соңғы жылдары химия кафедрасындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары мұнай химиясының, полимерлер химиясының, экологиялық химияның (Ә. Ф. Сейтжанов, Р. Х. Тургумбаева, Г. Т. Азимбаева, Н. А. Бектенов, Х. Н. Жанбеков, Ж. Мұқатаева), электрохимиялық (А. А. Мейрманова; А. Н. Каримов, Н. Ю. Чокина) және катализдік процестердің (Ә. Ф. Сейтжанов, Х. Н. Жанбеков, Х. А. Назарымбетова) проблемаларына арналған.

Доцент Мансуровтың әдістемелік зерттеулері мектеп химиясының мазмұнын жетілдіруге арналған. Ол орта мектепке «Органическая химия» оқулығын дайындап баспадан шығарды. Кафедра мүшелерінің басым көпшілігі оқу құралдарын және әдістемелік құралдарды дайындап шығаруға тікелей қатысады. Атап айтқанда, Х. Н. Жанбеков «Аналитикалық химия практикумы» (2000 ж.), 2002 жылы А. Н. Каримов «Аналитикалық химия негіздері», 2007 жылы А. Ф. Сейтжанов Г. Т. Азимбаева мен авторлық бірлестікте жаратылыстану-математикалық бағыттағы орта мектептің І сынып оқушыларына арналған химиядан орысша, қазақша оқулығын шықты.

Қазіргі кезде кафедрадағы әдістемелік зерттеулерді педагогика ғылымдарының докторлары, профессорлар Ж. Ә. Шоқыбаев және Н. К. Ахметов басқарады. Олардың жетекшілігі мен кеңесшілігі мен кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды. Зерттеу жұмыстары «Қазақстан Республикасының білім саласына жоғары дәрежелі маман педагогтар дайындау жолдары» деген жалпы тақырып бойынша жүргізіледі. Зерттеу жұмыстарының нәтижесі орта және жоғары мектептердегі химияны оқу жүйесіне енгізу арқылы жүзеге асырылады.

Р.Х.Тургумбаева 1988 жылы «Органикалық химия курсындағы диазоқозокосылыстарды оқыту», 2007-2008 жж. Х.Н.Жанбеков «Аналитикалық химия I», «Аналитикалық химия II» оқулықтары жарыққа шықты.

Ж.Ә.Шоқыбаев «Бейорганикалық және аналитикалық химия» (2003), Ж.Ә.Шоқыбаев, З.А.Өнербаева, Г.С.Қамиева, Ж.Р.Кожаягулова «Бейорганикалық химия практикумы» (2004); И.Н.Нұғыманов, Ж.Ә.Шоқыбаев, З.О.Өнербаева «Химияны оқыту әдістемесі» оқулығын қайта шығарды (2005 ж.); Шоқыбаев Ж.Ә., Өнербаева «Химияны оқыту әдістемесінің практикумы»; Орта мектепке арналған Шоқыбаев Ж.Ә., Габриелян авторлығымен «Химия»-

8, 9, 10, 11 сынып оқулықтары мен оқыту кешендері жарық көрді «Кітап» (2006); Шоқыбаев Ж.Ә., Бегалиева Ж.У. «Жалпы химия практикумы» (2007); С.Е.Абдугалина, К.Оқас, Ж.Ә.Шоқыбаев «Методика преподавания курса химии на основе системно-

структурного подхода» (2009); Шоқыбаев Ж.Ә. «Бейорганикалық химияның теориялық негіздері» және «Элементарная химия» (2010); Мукатаева Ж.С. «Химиялық экология» (2010); Жанбеков Х.Н. «Физикалық және коллоидтық химия есептері мен жаттығулар жинағы» (2010); Мукатаева Ж.С. «Табиғи және ақабасулар химиясы» (2011); Сейтжанов Ә.Ф., Азимбаева Г.Т., Назарымбетова Х.А. «Пособие для малограмотных учащихся по органической химии» (2012); Жаксибаев М.Ж., Ахатова З.С. «Аналитическая химия» (2012); Жаксибаев М.Ж., Ахатова З.С. «Физическая коллоидная химия» (2012) оқулықтары баспадан шықты.

Соңында Қазақстандағы химия және педагогика ғылымдарының дамуына үлкен үлес қосқан қарашаңырақ Абай атындағы ҚазПИ-дің «Химия-биология» мамандығының түлектері натапайтып кету автордың міндеті деп санаймын. Олар: ҚазССР ҒА мүше-корреспонденті, химия ғылымдарының докторы, профессор Б.А.Бірімжанов (1932 ж. бітірген), СССР ПҒА мүше-корреспонденті, педагогика ғылымдарының докторы, профессор А.И.Сембаев (1932 жылы бітірген), ҚазССР ҒА мүше-корреспонденті, химия ғылымдарының докторы, профессор Е.А.Мамбетқазиев (1963 жылы бітірген). Олар басқа жоғары оқу орындарында және ғылым мекемелерде қызмет атқару барысында Қазақстанның химия және педагогика ғылымдарының дамуына зор еңбек етіп, қомақты үлес қосты. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті және оның химия кафедрасы өзінің осындай түлектерін мақтаныш етеді.

О.Б.Мазбаев¹, Т.О.Увалиев²

*¹ профессор, «География-экология» факультетінің деканы,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

*² доцент, ГЭФ деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰПУ-ДЫҢ «ГЕОГРАФИЯ-ЭКОЛОГИЯ» ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ (университетіміздің 85-жылдық мерейтойы құрметіне арналады)

*из Республиканской педагогической газеты «Мерейлі ұстаз». – Алматы,
№9-10(34-35), июнь 2013г. – С. 6-7.*

Қазақстанның жоғары оқу орындарындағы географиялық білім мен ғылымның қалыптасу тарихы 1933 жыл біздің оқу ордамызда, республикамыздағы ең тұңғыш «география» мамандығы ашылып, оған алғашқы студенттер қабылданудан басталады. Осылайша университетіміз 80 жыл бойы география мамандарды даярлауды жүзеге асырып келеді. Сол кезде осы «география» бөлімі «тарих» мамандығымен бірге «тарих және география» факультетінің құрамында болып, ал 1936 жылы олар дербес факультеттерге айналады. Кейіннен 1955-

56 оқу жылы жүргізілген ірілендіру саясатына байланысты біздің «геофак», келесі «жаратылыстану» факультеті мен біріктіріліп, ендігі жерде «жаратылыстану-география факультеті» болып аталынады. Еліміздің егеменді қалуына байланысты, 1990 жылдардың басында бұрынғы оқу-

ағарту жүйелері күрделі реформаларға ұшырады. Көптеген жоғары оқу орындарының, оның ішінде біздің «қарт ҚазПИ», яғни педагогикалық институтымыздың қайтадан университет (1928 жылы, оларғашында университет

